Павлодар облысы
білім беру басқармасының
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»
управления образования
Павлодарской области

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2022 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 1-05/341/1

Павлодар қаласы

город Павлодар

**2022-2023 оқу жылына арналған**
**тамақтандырудың сапасына бақылау жасау**
**жөніндегі ведомствоаралық**
**сараптама тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығы *(2022 жылғы 10 тамыздағы № 359 өзгерістер мен толықтыруларымен)* негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі қалалық ведоствоаралық сараптама тобының (бұда әрі – ВСТ) құрамы бекітілсін (1-қосымша);
2. ВСТ 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін (2-қосымша);
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Г. Медиеваға жүктелсін.

**Бөлім басшысының**
**міндетін атқарушы** **А. Маликова**

Таныстым: Медиева Г.

(қолы, күні)

001002

2022 жылғы «5» қыркүйектегі
№1-03/341/1 бұйрығына
2-қосымша

**2022-2023 оқу жылына арналған оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі қалалық ведомствоаралық сараптама тобының жұмыс жоспары**

| № | Іс-шаралардың мазмұны | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Павлодар қаласында оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау бойынша ведомствоаралық сараптама тобын құру | қыркүйек, 2022 ж. | бұйрық | Білім беру бөлімі |
| 2 | Оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруға мониторинг жүргізу | тоқсан сайын қала мектептерінің 10 % | ВСТ актісі | ВСТ мүшелері |
| 3 | Келген шағым бойынша мониторинг жүргізу туралы ВСТ рұқсаты шығарылғаннан кейін баланың ата-анасы (заңды өкілі) жазбаша өтініш берген кезде *(мектепте тамақтандыруды ұйымдастыруда бұзушылықтар анықталған жағдайда)* Павлодар қаласының білім беру мекемелерінде жоспардан тыс мониторинг жүргізу | шағым келіп түскеніне қарай | ВСТ актісі | ВСТ мүшелері |
| 4 | Павлодар қаласының білім беру мекемелерінде төтенше жағдайлар туындаған кезде *(әртүрлі инфекция көріністері және т.б.)* жоспардан тыс мониторинг жүргізу | қажеттілікке қарай | ВСТ актісі | ВСТ мүшелері |
| 5 | Қаланың білім беру мекемелерінде тамақтануды ұйымдастыруға байланысты мәселелер | қажеттілікке қарай | ақпарат | ВСТ мүшелері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бойынша балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) дауларын/шағымдарын қарау | | | |
| 6 | Мектепке тамақтануды ұйымдастыруда бұзушылықтар анықталған жағдайда шағымдарды санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне жіберу | қажеттілікке қарай | шағым | ВСТ мүшелері |
| 7 | Мониторинг нәтижелері туралы ақпарат дайындау және ақпараттық ресурстарға, БАҚ-қа орналастыру | тоқсан сайын | ақпарат, фото-бейне материалдар | Білім беру бөлімі |

2022 жылғы « 5 » қыркүйектегі
№ 103/341/1 бұйрығына
1-қосымша

**Оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі қалалық ведомствоаралық сараптама тобының құрамы**

1. Маликова Айгүл Қайыртасқызы – білім беру бөлімі басшысының міндетін атқарушы, ВСТ төрайымы;
2. Медиева Гүлмайра Төлеутемірқызы – білім беру бөлімі басшысының орынбасары, ВСТ төрайымының орынбасары;
3. Бүркітбаева Майя Базарбайқызы – экономикалық талдау, мониторинг және жоспарлау секторының меңгерушісі, ВСТ мүшесі;
4. Батрканова Динара Серікқызы – экономикалық талдау, мониторинг және жоспарлау бас маманы, ВСТ хатшысы;
5. Пряхин Виктор Петрович – қалалық мәслихаттың депутаты, «Сови-KZ» ЖШС директоры, ВСТ мүшесі;
6. Асқарова Әлия Асқарқызы - «A.R.S-Ойл» ЖШС директоры, қалалық мәслихаттың депутаты, ВСТ мүшесі;
7. Айтхалин Азамат Қабиденұлы – «Ирбис» телекомпаниясының корреспонденті, ВСТ мүшесі;
8. Улжанова Айнаш Багдатқызы – жұмыссыз, № 18 ЖОМ ата-аналар комитетінің өкілі;
9. Иваненко Юлия Сергеевна – жұмыссыз, № 26 ЖОМ ата-аналар комитетінің өкілі;
10. Касипхан Амангүл - жұмыссыз, № 2 ЖОМ ата-аналар комитетінің өкілі;